

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№060140012770/260018/00

"Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Ереже негізінде әрекет ететін, Басшысы міндетін атқарушы Ильясова Лала Тазабековна атынан бір тараптан және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, әрі қарай «Орындаушы» деп аталатын, 15.01.2026 жыл № 03-04-09-16/6 сенімхат негізінде әрекет етуші «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиал директорының орынбасары Қалжанов Ғалым Айтбайұлы екінші тараптан, 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабы 3 тармағы 25 тармақшасы негізінде төмендегідей туралы осы шартты (бұдан әрі -Шарт) жасасты:

1. Шарттың мән-мағынасы

1.1. «Тапсырыс беруші» тапсырады, ал «Өнім беруші» Мұғалжар ауданы бойынша (15 жер телімі Техникаалық ерекшелікке сәйкес) мекен жайында орналасқан жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау бойынша міндеттерді өзіне алады.

1.2. Жұмыстар Тапсырыс берушінің өтініштеріне сәйкес орындалады.

2. Шарт бойынша жұмыстар құны және есеп айырысу тәртібі

2.1. Осы Шарт бойынша қызметтердің жалпы құны 417 336.56 (төрт жүз он жеті мың үш жүз отыз алты тенге елу алты тиын) теңге құрайды, соның ішінде ҚҚС сомасы 57 563.66 тенге (елу жеті мың бес жүз алпыс үш тенге алпыс алты тиын).

2.2. Жұмысты орындау мерзімі: «Өнім беруші» жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын №301 - 1.10.2020 жыл мемлекеттік қызмет көрсетудің Ережесі "Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау" белгіленген мерзімде анықтап беруді міндеттенеді, ол «Тапсырыс берушімен» "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша аумақтық бөлімдеріне өтініш беру сәтінен саналады.

2.3. Төлеу мерзімі: 2026 жылдың маусым айында.

2.4. Төлем Орындаушының есеп шотына аударылады. Төлеу теңгеде жүргізіледі

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Тапсырыс беруші:

- шарт жасалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде «Өнім берушіге» өтініш беруге;
 - жұмыстарды орындау үшін қажетті құжаттаманы «Өнім берушіге» тапсыруға;
 - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету бойынша аумақтық бөлімдеріне өтініш берер алдында 2.1 т. сәйкес Шарттың жалпы сомасынан 30% (30-100%) мөлшерінде аванс төлеуге міндеттенеді.
- Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.2. «Өнім беруші» жұмыс барысын бәсеңдететін немесе жұмысты жалғастыруға мүмкіндік бермейтін немесе оны мерзімде аяқтауға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаса, ол туралы Тапсырыс берушіге тез арада хабарлауды міндеттенеді.

3.3. Тапсырыс беруші қызметті көрсету және қабылдау барысында анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге құқылы.

3.4. Тапсырыс беруші жұмыста кемшіліктер мен ақауларды анықтаған жағдайда ол туралы тез арада «Өнім берушіге» хабарлауға міндетті.

3.5. «Өнім беруші» өз еркімен Тапсырыс берушінің тапсырмасын орындау тәсілін таңдауға құқылы. Егер осы Шарт бойынша өз міндеттерін (барлығы жиынтықта және/немесе әр қайсысын бөлек) орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші болжамды бұзу күніне дейін 5 (бес) күн ішінде «Өнім берушіні» жазбаша хабарлап, осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

3.6. Тапсырыс беруші осы Шарттың 2.1., 2.3. тармақтарында көрсетілген соманы төлемей, өз міндеттерін орындамаған жағдайда, ол әр мерзімі өтіп кеткен күнтізбелік күн үшін мезгілінде төленбеген шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл (айып) түрінде айыпақы төлейді.

3.7. Айыпақы төлеу Тараптарды оларға жүктелген міндеттерді орындаудан немесе бұзушылықты жоюдан босатпайды.

4. Жұмыс нәтижесін тапсыру және қабылдау

4.1. «Өнім берушімен» жұмыс нәтижесін тапсыру және оларды «Тапсырыс берушімен» қабылдау тиісті жұмыстар аяқталғаннан кейін тараптар қол қойған орындалған жұмыстар (қызметтер) актісімен рәсімделеді.

4.2. Егер жұмыс нәтижесін нашарлататын шегінулер немесе басқа да кемшіліктер анықталған жағдайда олар туралы орындалған жұмыстар (қызметтер) актісінде көрсетіледі.

5. Шартты өзгерту және бұзу

5.1. Осы Шарт қолданыстағы заңнамалармен, осы шартпен қаралған негіздер бойынша немесе тараптар келісімі бойынша өзгертілуі, бұзылуы немесе жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы шартқа енгізілген кезкелген өзгертулер мен толықтырулар тек қана жазбаша түрде рәсімделіп, қол қойылған жағдайда ғана заңды деп есептеледі.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай туындайтын кез келген даулы мәселелер, келіспеушіліктер не наразылықтар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттелуі үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Егер тараптар келісімге келе алмаса, осы Шартқа қатысты барлық шешілмеген даулар сот органдарында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаралуға жатады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Шартпен қаралмағандардың барлығына Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын басшылыққа алады.



7.2. Шарт бірдей заң күші бар екі данада, әр Тарап үшін бір данадан жасалды, оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2026 жылдың «31» желтоқсанына дейін қолданыста болады, ал өзара есеп айырысу жағынан – Тараптар өздеріне қабылдаған міндеттерді толық орындағанға дейін.

8. Тараптардың мекенжайы мен банктік деректемелері

Тапсырыс беруші:

"Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Актюбинская область,
Мугалжарский район, г.Кандыагаш,
Проспект ТАУЕЛСИЗДИК, 16
БСН 060140012770
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ08070103KSN0612000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 87133332118
Басшысы міндетін атқарушы Ильясова
Лала Тазабековна

Өнім беруші

«Азаматтарға арналған үкімет»
Мемлекеттік корпорациясы
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Ақтөбе облысы бойынша
филиалы
Ақтөбе қ., Ы. Алтынсарин к. 31, 57Е п.
БСН 160440007161
ЖСК KZ736010121000056881
АҚ «Қазақстан Халық жинақ банкі»
БСК HSBKKZKX
Тел: -
Директор орынбасары Калжанов Г.А.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



2026-05-15 09:10:39
Ильясова Лала
Тазабековна
"Мұғалжар ауданы
бойынша жер
қатынастары бөлімі"
мемлекеттік
мекемесі

Государственное
учреждение "Отдел
земельных
отношений по
Мугалжарскому
району"



2026-05-15 12:19:32
Калжанов Ғалым
Айтбайұлы
«Азаматтарға
арналған үкімет»
мемлекеттік
корпорациясы»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Некоммерческое
акционерное
общество
«Государственная
корпорация
«Правительство для
граждан»

